

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

БАТЕСОВА ГУЛШАРА ЕРКИНОВНА
Бастауыш сынып мұғалімі

**Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«Нұртас Оңдасынов атындағы
№ 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ**

Ақтау — 2025

КІРІСПЕ

Ана тілдің қадірін түсіну туған тілінде жазылған кітап оқудан басталады. Өйткені оқу-ойлау мен ақыл ой дамуының, қайнар көзі.

Қазіргі кездегі қоғам талабына сай өзекті мәселелердің бірі білімді де парасатты, рухани құндылықтарды биік мақсат тұтатын азаматты тәрбиелеу болып табылады. Елбасының әр жылдардағы жарық көрген жолдауында ұлттық тәрбие басты нысанаға алынып ерекше болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік дағдыларының жоғары деңгейде болып, елін-жерін сүйе білетін, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына ерекше мән беріледі.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру тұжырымдамасында жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілік дағдыларын қалыптастыру жағдайлары біз көтерген мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын дәлелдеп, тақырыбымыздың өзектілігін айқындайды.

Балалардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәнділігі, біріншіден, барша саланың ғаламдануы, екіншіден телекоммуникация, ақпараттық байланыстардың артуы, үшіншіден рухани жаңару, тазару, сондай-ақ азғындаудың қатарласа дамуы мүмкін. Әсіресе, қазіргі жастарды теріс жолға түсіретін, санасын бұзатын жәйттердің бірі – дүниеқұмарлық.

Жас ұрпақ - мектеп балалары болашағымыз жеткіншектерде, шәкірттерде адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру барлық кезеңдерде алда тұрған мәселе. Білім берудің басты құндылығы ретінде тұлға, рухани-адамгершілік категориялар, ізгіліктік қағидалар: бірлік, теңдік, өзара ықпалдастық және төзімділік бекітілген.

Оқушы тұлға мен қоғамды қалыптастыратын мәдениетті түсінуі және бағалай білуі үшін адамдармен құндылық-саналы ынтымақтастық әрекет жасай алуы тиіс. Осы принципті жүзеге асыру ізгіліктік тұжырымдамасына негізделген, мақсатты ұйымдастырылған, өзара байланысты әрекеттер және мұғалім мен оқушының өзара ынтымақтастығы үдерісін қажет етеді.

Тәрбие -үздіксіз процесс. Мектептің алғашқы сатысынан бастап білім беру мен тәрбие процесі жас ұрпақты әлеуметтендірудің балама негізін қалайды.

Жеке тұлғаның жалпы даму проблемалары туралы ағартушылар: Ш. Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М.Жумабаевтар өз еңбектерінде құнды ой-пікірлер мен педагогикалық тұжырымдарын көрсетіп кеткен.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЫЛДАМДЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жылдам оқудың жай оқудан өзіндік маңызы бар екенін білеміз. Жылдам оқитын, «оқырман» мәтіннің құрылымы мен маңызына тез бойлап, оның мағыналық бөліктерін пайымдап, салыстыра алады. Жылдам оқудағы негізгі мақсаты- ақыл – ой әрекетінің тиімді әрекетін жүзеге асыру болып табылады.

Төменде жай оқушы мен жылдам оқушының ақыл – ой әрекетінің салыстырмалы сипаты көрсетілген.

Кітаптың аты.

Авторы кім?

Басты оқиғалар.

Мәселелер.

Ерекшелік.

Дәлелдер.

Жаңалық.

Айдос тамақ іш!

Оқысам ба?

Әлде оқымасам ба?

Теледидарда қазір не болып жатыр екен?

Мынаны оқып шығу керек.

Ол!

Жылдам оқу дағдыларын бекіту арнаулы уақыт бөлініп, мынаған назар аудару керек.

1. Көз бен кітаптың арасындағы қашықтықты сақтау.
2. Мәтінді алдын ала іштей оқып шығу.
3. Шамамен қандай жылдамдықпен оқу керектігін көрсету.
4. Класты барлық оқушыға бірдей мәтін беріп оны бірдей уақытта бастатып, бір уақытта аяқтап оқу.

Жылдам оқудың тағы бір түрі – класты дауыстап оқыту. Мұндай жұмысты орындатқанда жеке- жеке тақтаға шығарып, мәтін беріп дауыстап оқу арқылы оқушының оқу жылдамдығын бақылаймын. Жылдам оқуға оқушыларды жүйелі түрде күнбе –күн оқыту арқылы ғана дағдыландыруға болады.

Жылдам оқу оқушылардың сөйлеу мүшелерінің жетілуіне де байланысты. Бұл ретте оқушыларға мәтінді хормен де, жеке- жеке оқытып көремін.

Айтылуы қиын жаңылтпаштарды қайта-қайта айтқызамын. Ол әрі дұрыс оқуға, әрі жылдам оқуға септігін тигізеді.

Мысалы:

Шеше, шеше,

Неше кесе

Сынды кеше?

Біл, бұл –піл,

Бұл – бір ірі піл.

Шын еңбекшіл - өрмекші,

Өрмекші – шын өрнекші.

Алдымен оқушыларды дыбыстарды ажыратуға, одан кейін дыбыстарды біріктіріп дауыстап оқуға үйрету. Жалпы жылдам оқыту барысында балаларды оқудың 2 түрін дауыстап және іштей оқу формаларын қалыптастыру қажет.

Дауыстап оқу – оның, кідіріссіз, қажетсіз және әрбір сабақ бағдарламасына сәйкес оқу темпінде, мәтінді мәнерлеп оқудан тұрады. Іштей оқу көзбен оқудан тұрады. Оқу техникасысын жеделдетуге Федоренко мен Пальченко мынандай жаттығуларды ұсынады.

- Қайталай бірнеше рет оқу.
- Жаңылтпаш қарқынмен оқу.
- Оқып келе жатып оқымаған бөлімге ауысып мәнерлеп оқу.
- Қиын сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс.
- Суреті көп кітаптарды көрсету, балалар оқығысы келеді.
- Кластан тыс оқуды ұйымдастыру.
- Слайдтарды пайдалану.
- Ойын ойнату – сөйлемде қойылмай қалған сөздерді табу.

- Жұптасып оқу. (2 адам оқу).
- Сабақта үйге берілген текстен үзінді оқу.
- Мәтінді түгел оқу.
- Мәтінді оқу, бөлімдерге бөлу, жоспар құру.
- Белгіленген жоспар бойынша оқу.
- Мысалдардан мақал-мәтел, нақыл сөзге айналған жолды тауып оқу.
- Мәтіннен лепті, сұраулы, хабарлы сөйлемдерді табу.
- Мәтінді іріктеп көркем сөз, теңеулерді тауып оқу.
- Мәтін ішіндегі ең ұзын сөзді оқу.
- Мәтіннен 2, 3, 4 буынды сөздерді табу.
- Мәтіннен сұраққа жауапты іздеу, үзіндіні табу.
- Мәтінді оқу, әңгіме несімен ұнағанын, ұнамағанын айту.
- Мәтінді оқу, оқығанын қимыл-қозғалыс арқылы әңгімелеу.
- Мәтінді рөлге бөліп оқу.
- Мәтіннен жылдам, жай, көтеріңкі дауыспен оқылатын сөйлемдерді табу.
- Мәтінді оқу, шағын мазмұндама жазу.
- Мәтінді оқу, шағын шығарма жазу.
- Мәтінді оқу, жай, күрделі жоспар оқу.
- Мәтінді оқу, мағынасы түсініксіз сөздерді белгілеу.
- Мәтіннен өкінішті, аянышты, мысқылмен, қуаныш, ренжіп, т.б. эмоционалды кейіппен оқылатын сөйлем, үзіндіні тауып оқу.
- Мәтіннен іріктеп көркем сөз, теңеулерді тауып оқу.
- Оқу арқылы көру диктантын жаздыру.

Көру диктанттарын алғаш құрап шығарған И.Т.Федоренко.

Көру диктанттары 18 құрамнан тұрады. Ерекшелігі: бірінші құрамдағы бірінші сөйлем-8 әріптен, он сегізінші құрамдағы соңғы сөйлем-46 әріптен тұрады, яғни әр сөйлемдегі сөз бір әріпке көбейіп отырады. Жұмыс жасау уақыты 18 құраммен-2 ай. Бұл мерзім ішінде баланың қабылдауы жақсарады, ол 8-9 сөзден тұратын сөйлемді оқи алады, мағынасын түсінеді. Оқу баланы қызықтырады, сондықтан оқыту процесі тез жүреді, жақсарады. Диктант күн сайын жазылуы тиіс. Сонда ғана нәтиже береді. Балалар сөйлем мазмұнын тез ұғады, қызыға оқиды. Сөйлемдерді сабақ тақырыбына сай өзгертуге болады.

Көру диктанты.

№1

8 әріп-4 сек.:Күз-диқан.

9 әріп-4 сек.:Ашу-дұшпан.

10 әріп-5 сек.:Білім-теңіз.

11 әріп-5 сек.:Ата-асқар тау.

11 әріп-5 сек.:Білім-сұңқар.

12 әріп-4 сек.:Оқыған-білгір.

Бастауыш класты аяқтар кезде оқу жылдамдығы қандай болу керек?

Мынандай 3 пікір бар:

1.Білім Министрлігі бекіткен талапқа сай 80-90 сөз минутына.

2.Лошарева пікірінше 4 кластың аяғына 120 сөз минутына.

3.А.В.Сухомлинский: 150-300 сөз оқуы тиіс деп есептеген.

Бұл талапқа мынандай жаттығу түрлері де жауап береді.

1.Сөйлемдегі түсіріліп қалған сөздерді толықтыру.

Мысалы: Ертеде Мадан деген ... болыпты.

Ханның қырықбар екен.

2.Жартыдан бүтін құрастыру.

Әрбір сөз екіге бөлініп, екі бөлік карточкаға жазылады.

Мысалы: кошақан, дәптер, өрнек сөздері қоша-қан, дәп-тер, өр-нек.

Баланың міндеті — сол жағындағы сөздердің басқы қатары мен оң жағындағы сөздердің соңы берілген карточкаларды жылдам құрастырып, дұрыс мағыналы сөз шығару.

3.Мәтіннен берілген сөздерді іздеу.

Бұл жаттығуда бала мәтіннен тез тауып ала қоятындай 3 сөз беріледі.

Тек берілген сөздер мәтінде бірнеше рет кездесуі қажет.

Баланың міндеті —оларды тез тауып, астын сызу немесе шеңбермен қоршау.

4.Көбелек пен ебелек. (мысал).2кл. Ана тілі.

Мысалда,бірлікке,сыйластыққа,достыққа,тұрақтылыққа байланысты берілген нақыл сөзді тауып оқы.

1.Жүрген жеріңіз сіздің де береке.

2.Сіз-аға,мен-жаға боп,

Тізе қосып,бірге жүрелік.

3.Тату-тәтті өмір сүрелік!

4.Тиянақты бол,

Болма,“ұшып-қонба”!

5.Өлең ішінен шешендік сөзді тауып,әрі қарай жалғастырып оқы.

Алтын ұя-Отан қымбат

Құт берекең-атаң қымбат.

Бұл жаттығулардың мақсаты – оқушыларға қызықты сөздер мен сөз тіркестерін анықтату арқылы оқудың дағдысын меңгерту.

Жаттығулар баланың көңіл – күйін көтереді, оқуға деген қызығушылығын арттырып, тіл байлығын, сөздік қорын молайтады, зейінінің тұрақталып, есте сақтау қабілетінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Жаттығуларды сабақтарда, сабақтан тыс мерзімдерде жарыс – ойыны түрінде, 10-30 минут көлемінде жүргізуге болады. Ескеретін жай, жаттығуларды орындау барысында қателесіп, жаңылысқан балаға наразылық кейіп көрсетпеу, керек, керісінше, олармен бірге қызықты, күлкілі сөздердің пайда болғанына шын көңілден қуана білген жөн.

5-жаттығу: «СИҚЫРЛАНҒАН» СӨЗДЕРДІ ОҚУ.

Баларға әртүрлі сызық, штрих, қарапайым суреттердің кедергісінен оқылуы қиынға түсетін сөз жазылған карточкалар таратылып беріледі. Сөздердің неліктен күрделі беріліп отырғандығы түсіндіріледі.Берілген түсіндірме оқытушының айтқан әңгімесінің мазмұнына, ойының ұшқырлығына, тапқырлығына байланысты.

Мысалы, бұл сөзді сиқыршы әдейі оқи алмастай етіп сиқырлап қойды, соған қарамастан біз бұл сөзді оқып, сиқыршы құлығының шешімін табамыз деуіне болады.

Мұндай мысал - әңгімелер баланың оқуға деген ынта – ықыласын арттыруға септігін тигізеді.

6- жаттығу: ҮЗДІК СЫЗЫҚПЕН ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕРДІ ОҚУ.

Балаларға әріптерінің кейбір сызықшылары түсіп қалған сөз жазылған карточкалар таратылып беріледі. Сөздер біртіндеп күрделеніп отырады.

Ойын барысында балалардың белсенділігін арттыру мақсатында, әріптердің өзіндік жазылу ерекшелігіне байланысты әртүрлі әңгімелер айтып беруге болады. Мысалы: мына сөздегі әріптердің кейбірін қатты жауын жуып кеткен, әйткенменде «Тапқышбек» бала үшін ол әріптерді тез табу қиындыққа соқпайды. Арамыздағы «Тапқышбек» сонда кім? Және т.б.

7- жаттығу: БІРІНІҢ ҮСТІНЕ БІРІ ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕРДІ ОҚУ.

Оқытушы балаларға бірінің үстіне бірі жазылған сөздері бар карточкаларды таратып береді. Сөздердің бұлай ретсіз берілуі тосыннан соққан қатты дауылға – байланысты деп түсіндіріледі.

Балалардың міндеті – араласып жатқан сөздерді ретке келтіріп, оқып беру. Карточкада берілетін сөздер саны мән – мағынасына қарай біртіндеп күрделене береді.

ҚОЯН ТҮЛКІ

8- жаттығу: ТӨМЕНГІ ЖАҒЫ ЖАБЫҚ ЖОЛ СӨЗДЕРІН ОҚУ.

9- жаттығу: ЖОҒАРҒЫ ЖАҒЫ ЖАБЫҚ ЖОЛ СӨЗДЕРІН ОҚУ.

10- жаттығу: СӨЗДЕРДІ ТОПТАРҒА БӨЛУ.

11- жаттығу: МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕРДІН, МАҒЫНАСЫЗ СӨЗДЕРДІ БӨЛУ.

12- жаттығу: ТЕКСТПЕН БЕРІЛГЕН СӨЗДЕРДІ ІЗДЕУ.

13- жаттығу: ҮЛГІДЕГІ СӨЗГЕ СӘЙКЕС КЕЛЕТІН СӨЗДЕРІ БАР КАРТОЧКАЛАРДЫ ІРКТЕУ.

14- жаттығу: ТӨҢКЕРІЛГЕН ТЕКСТІ ОҚЫТУ.

15- жаттығу: СӨЗДЕРГЕ ТҮСІП ҚАЛҒАН ӘРІПТЕРДІ ТОЛТЫРУ.

16- жаттығу: СӨЙЛЕМДЕГІ ТҮСІРІЛІП ҚАЛҒАН СӨЗДЕРДІ ТОЛЫҚТЫРУ.

17- жаттығу: СӨЙЛЕМДЕГІ ЖЕКЕЛЕГЕН ӘРІПТЕРІ ТҮСІРІЛІП ҚАЛҒАН СӨЗДЕРДІ ТОЛЫҚТЫРУ.

Бұл жаттығудың алдыңғы жаттығудан ерекшелігі, мұнда сөйлемдегі түсіріліп қалған сөздің жекелеген әріптері көрсетіледі. Мысалы: Ойынды ұйымдастырушы ортаға әр топтан бір – бір баладан ш..ы..ды. сөйлемдегі соңғы сөздің басты және соңғы әріпіне қарап оқушы қандай әріптер түсіріліп қалғанын, қандай сөз екенін айтып беруі керек (шығарады, шынығады, шақырады).

Жаттығулардағы ұсынылып отырған әдіс-тәсілдер оқу дағдысы төмен оқушылардың оқу жылдамдығын жетілдіреді, оқыған текстілерінің мазмұнын дұрыс түсініп, қабылдауына көмегін тигізеді.

Жоғарыда айтылған жұмыстарды жүйелі жүргізе отыра мен мынадай нәтижеге жеттім деп айта аламын:

1. Сыныпта нормадан төмен оқитын оқышылар саны (жоқтың қасы.) азайды.

2. Оқу жылдамдығын арттырудың арқасында сабақта басқа да шығармашылық жұмыстардың жүргізілуі.

Аталған жаттығулар оқушының оқу жылдамдығын арттырып, оқуға деген дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Оқу процесі кезінде зейін қояды және берілген материалды есте сақтауды дамытады.